

8D01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін  
 Диссертациялық кеңеске ұсынған Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның  
 «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбында жазылған диссертациясына  
 ресми рецензент **Амирова Амина Слямхановнаның** жазбаша пікірі

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:  1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді	Диссертация тақырыбы ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, Қазақстан Республикасының «Білім туралы Заңын және Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа алуымен сипатталады. «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбында дайындалған диссертациялық жұмысы <b>сәйкес келеді.</b>  1. Диссертациядағы көтеріліп отырған мәселе диссертант тарапынан арнайы қаржыландырылған жоба ретінде алынбаса да, бүгінгі таңда қоғамда өзекті мәселе болуына байланысты зерттеу жүргізілгенін атап өту қажет. 2. Диссертация ҚР Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдедегі №319 «Білім туралы» заңы (01.01.2022 жыл, өзгертілген және толықтырылған нұсқасы); Қазақстан Республикасының Конституциясы (08.06.2022 жыл, жаңартылған нұсқасы); Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы №726 «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы; Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 12 қазандағы №724 қаулысы негізінде «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы. 3. Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D013 – Пәндік мамандандырылмаған педагогтерді даярлау (6D010200 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі) бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы	Зерттеу жұмысы бастауыш білім беру ғылымының дамуына <b>елеулі үлес қосады.</b> Оның ішінде бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының

		ашылған/ашылмаған.	өзара әрекеттестігін қамтамасыз ететін әдістемесінің мазмұнын толықтырады. Қазіргі қоғам талаптарына сай бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігін тәрбие теориясы тұрғысында негіздеу мен оны тәжірибеде жүзеге асырудың мазмұны мен әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмағандығын дәлелдеген. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі тәрбие мәселесі тұрғысынан қарастырылып, зерттеу жұмысының маңыздылығы ашылған және бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінде тәрбие нәтижелерін дамыту аясында жүргізілетін зерттеулердің іргелі негізі бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Орындалған жұмыс дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Диссертанттың зерттеу жұмысын <b>өзі жазу деңгейі жоғары</b> . Диссертанттың жүргізген жұмыстары оның зерттеу үдерісіне деген ғылыми көзқарасының пайда болуына мүмкіндік береді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігінің дәлелі <b>негізделген</b> . Білім берудің жаңа парадигмасы оқушыларда әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруда білім, білік және дағдыларды жеке-жеке емес, кешенді түрде меңгертуді және бастауыш сынып оқушыларының әмбебап тәрбие әрекеттерін өздігінен ұйымдастыра алу, өз жұмысын рефлексиялау, білімі мен біліктерін ортаның жиі өзгермелі жағдайына қарай қажетіне қарай пайдалану, өзін-өзі басқара алу, өзіндік мінез-құлқы мен дербес қабілеттерінің болуын талап етеді. Осыған байланысты бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің нәтижелер қалыптастырудың өзектілігі артады. Зерттеу жұмысы барысында мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі және тәжірибелік ұсыныстар беруінен көрінеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбын толық көлемде айқындайды. Бастауыш білім беру пәндерін метапәндік тұрғыда оқытудың теориялық-әдіснамалық және тәжірибелік-эксперименттік негізін ашады. Диссертациялық тақырып өзекті, әрі ауқымды ғылыми, әлеуметтік мәселені зерттеуге бағытталған. Диссертацияның ғылыми аппараты логикалық бірізділікті, ғылыми бірлікті, жүйелілікті, теория мен практиканың бірлігін <b>айқындайды</b> .

		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) сәйкес келеді;</p> <p>2) ішінара сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына <b>сәйкес келеді</b>, бұл зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық <b>толық байланысқан</b> деген тұжырым жасаймыз. Оған дәлел ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растап, автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес олардың нәтижелері де бір-бірінен туындауы және бірін бірі толықтыруы арқылы байланыс бар екендігін айқындайды.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ</p>	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерде <i>сыни талдау жоғары деңгейде көрініс тапқан</i>. Оның айғағын төмендегі ретте көрсетуге болады:</p> <p>Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі мәселесінің теориялық-әдіснамалық негіздері; оның құрылымдық-мазмұндық болмысын моделдеу; тәжірибелік-экспермент нәтижелерін сандық, сапалық және <b>сыни талдау</b> арқылы дәлелденіп, бұрыннан жүргізілген зерттеулер шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа. Оған диссертациядағы көтеріліп отырған ғылыми мәселенің бұған дейінгі ғылыми тұрғыда толық қарастырылмағандығы; аталған мәселенің бүгінгі таңдағы өзектілігі ғылыми жаңашылдық принципі сақтағандығымен дәлел. Сонымен бірге зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңыздылығынан көре аламыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі теориялық тұрғыда негізделді, ғылыми генезисі зерделенген;</li> <li>- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленген;</li> <li>- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу</li> </ul>

		<p>үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің педагогикалық шарттары негізделген;</p> <p>- Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі әдістемесінің тиімділігі («Өнегелі ұрпақ» клубы және «Ұлағат» атты арнайы курс бағдарламасы, «Ата-аналар мектебі» қосымшасы) және тәжірибелік-эксперимент нәтижелері, ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.</p>
5.2	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары <b>толығымен жаңа</b>. Себебі, берілген қорытындылар зерттеу жұмысының мақсат пен міндеттерге сай беріліп отырғандығымен, сонымен қатар мемлекеттік сұранысқа сәйкестігімен дәлелдеуге болады.</p>
5.3	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)</p>	<p>Диссертанттың ұсынған бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігінің әдістемесі <b>толығымен жаңа</b> және авторлық негізделген. Оның айғағы «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» атты оқу құралы дайындалып, тәжірибеде қолданыс тауып авторлық куәлік алған; «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында электронды оқу құралы дайындалып, тәжірибеге ендіріліп, ендіру актісі және авторлық куәлік алынған; 2023-2024 оқу жылында «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің оқу бағдарламасына «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні енгізілген</p> <p>(<a href="https://prepod.zhetysu.edu.kz:3008/spw/1/143966/32203">https://prepod.zhetysu.edu.kz:3008/spw/1/143966/32203</a>);</p> <p>және аталмыш пән бойынша жаппай ашық онлайн курс әзірленіп, авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы авторлық куәлік алынған</p> <p>(<a href="https://www.youtube.com/watch?v=SM1fDUfXvsA&amp;list=PLRo3PSP-N1ereGPczA7zI25PXEEWofRzK&amp;pp=iAQB">https://www.youtube.com/watch?v=SM1fDUfXvsA&amp;list=PLRo3PSP-N1ereGPczA7zI25PXEEWofRzK&amp;pp=iAQB</a>).</p> <p>Сонымен қатар, зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін)	Диссертациялық зерттеудің қорытындылары дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде <b>негізделген</b> және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған. Диссертациядағы барлық қорытындылар зерттеу ғылыми тұрғыдан алғанда, жан-жақты дәлелдемелермен негізделген. Себебі, зерттеуші тарапынан нақты зерделенгендігі өзіндік нәтижелер мен қорытындылардан көрінеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда	Диссертацияда қағидаттар толығымен дәлелденген деуге болады. Себебі, қағидаттар зерттеудің нақты міндеттемелерінен туындайтын нәтижеден шығады. Жұмыс <b>тривиалды емес</b> , себебі, Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі мәселесінің зерттелуі жаңа нәтижелермен дәлелденген. <b>Қағидат – жаңа:</b> зерттеудің нақты міндеттері бойынша алынған әрбір нәтиже жаңа, сондықтан қорғауға ұсынылатын жаңалық деп атауға болады. Зерттеу жұмысының алдағы уақытта <b>қолданылу деңгейі кең</b> деп есептеймін, себебі бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі ауқымы кең мәселе болып табылады. Аталған мәселені «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламалары студент, магистрант, докторанттары, бастауыш сынып мұғалімдері, университет және колледж оқытушылары қолдануға болады деп тұжырымдаймыз. Зерттеу жұмысының негізгі идеялары, әдістері, принциптері, жасалған талдаулары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы ізденушінің халықаралық, республикалық, ғылыми-тәжірибелік конференциялары мен түрлі ғылыми басылымдарда жарық көрген. Зерттеу нәтижелері бойынша 19 ғылыми-әдістемелік жұмыс жарық көрген. Оның ішінде 1 мақала халықаралық рецензияланатын (WoS, Scopus) ғылыми журнал басылымында, 3 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынатын басылымдарда, 6 мақала шетелдік басылымдарда, 7 мақала халықаралық, республикалық және аймақтық конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланған, 1 оқу құралы,

			жинақтарында жарияланған, 1 оқу құралы, 1 электронды оқулық жарық көрген, 1 жаппай ашық онлайн курс әзірленіп І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің сайтына жүктелген, 3 авторлық куәлік иеленген, Диссертацияда принциптер дәлелді пайымдалған.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Докторант Ансабаева Айнур Дуйсеновна зерттеу жұмысының мазмұны <b>дәйектілік принципі тұрғысынан нақты жазылған</b> және негіздеме жасауы тәжірибеде қолдануға тиімділігін дәлелдеу арқылы көрсетілген. Зерттеудің әдіснамалық негізі: іс-әрекеттік, акмеологиялық, аксиологиялық, жүйелілік, әлеуметтік бағытталу, синергетикалық құзыреттілік тұғырларға негізделген. Бұл зерттеу жұмысының әдіснамасы нақты қарастырылған деп тұжырымдауға негіз болады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің мақсатын, болжамын мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (философиялық, психологиялық және педагогикалық ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, озық іс-тәжірибелерді жинақтау, қорытындылау, салыстыру, жіктеу, нақтылау, нәтижелерді жобалау, модельдеу); эмпирикалық әдістер (сауалнама жүргізу, диагностикалау, бақылау); эксперименттік зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді өңдеудің математикалық әдістерін қолданылған. Диссертант диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдаланылған. Диссертация тақырыбы бойынша «Өнегелі ұрпақ» клубы және «Ұлағат» атты арнайы курс әзірленген, «Мектеп» сайтына «Ата-аналар мектебі» қосымшасы құрылып, тәжірибе жүзінде оның тиімділігі тексерілуде <a href="https://www.youtube.com/watch?v=SM1fDUfXvsA&amp;list=PLRo3PSP-N1ereGPczA7zI25PXEEWofRzK">https://www.youtube.com/watch?v=SM1fDUfXvsA&amp;list=PLRo3PSP-N1ereGPczA7zI25PXEEWofRzK</a> ; «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында электронды оқу құралы дайындалып, тәжірибеге ендірілген; «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын студенттердің оқу бағдарламасына

		<p>«Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні енгізілген (<a href="https://prepod.zhetysu.edu.kz:3008/spw/1/143966/32203">https://prepod.zhetysu.edu.kz:3008/spw/1/143966/32203</a>); «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні бойынша жаппай ашық онлайн курс әзірленген І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің сайтына жүктелген (<a href="https://www.youtube.com/watch?v=SM1fDUFXvsA&amp;list=PLRo3PSP-Н1ereGPczA7zI25PXEEWofRzK&amp;pp=iAQB">https://www.youtube.com/watch?v=SM1fDUFXvsA&amp;list=PLRo3PSP-Н1ereGPczA7zI25PXEEWofRzK&amp;pp=iAQB</a>)</p>
8.3	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулер мен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) жоқ</li> </ol>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу педагогикалық ғылымдар бойынша мамандар даярлау бағытында болғандықтан, нәтижелер эксперимент негізінде дәлелденген.</p> <p>Теориялық тұжырымдар Талдықорған қаласындағы №12 орта мектеп-гимназиясы, №4 орта мектебі, №17 орта мектебі және №21 орта мектеп оқушылары мен ата-аналары қатысқан тәжірибелік-эксперимент жұмыстарымен дәлелденді.</p> <p>Зерттеу жұмысының «А», «Ә», «Б», «В», «Г» Қосымшасында ұсынылған ендіру актісімен расталынған. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.</p> <p>Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі компоненттері, көрсеткіштері, өлшемдері және деңгейлері анықталған. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі мен негізділігі оның теориялық және әдістемелік ұстанымдарының жан-жақтылығымен, оның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келетін бір-бірін толықтыратын зерттеу әдістері мен эксперименттік мәліметтерді статистикалық өңдеу әдістерін пайдалана алуымен, апробациялаудың оң нәтижелерімен анықталған.</p>
8.4	<p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер ҚР нормативтік-құқықтық құжаттар, отандық және шет елдік авторлардың педагогикалық әдебиеттері, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, оқу-әдістемелік құралдар, тәрбиелеу үрдісін мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі тұрғысында тәрбиелеу бойынша әдістемелік нұсқаулықтар, WEB Internet ғаламдық желісінің парақшалары, халықаралық конференция жинақтары мен журналдарында, ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жарияланған материалдарға</p>

			сілтеме жасау арқылы <b>расталған.</b>
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі <b>әдеби шолуға жеткілікті.</b> 171 библиографиялық сипаттамадан және ғылыми, оқу, мерзімді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық, статистикалық, электронды және басқа да дереккөздердің жеткілікті тізімін ұсынады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің практикалық құндылық принципін сақтауда <b>теориялық маңызы бар.</b> Өйткені, бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі теориялық-әдіснамалық тұрғыдан талданып, мазмұндық-құрылымдық моделінің ұсынылуымен құнды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	<b>Диссертанттың зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы зор.</b> Өйткені Айнур Дуйсеновна диссертация тақырыбы бойынша тәжірибеге авторлық құнды еңбектерін ендіріп отыр. Атап айтқанда: «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үдерісінде ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру» тақырыбында оқу құралы, электронды оқу құралы дайындалып шығарылған, «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасына «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні ендірілген, «Бастауыш сынып мұғалімінің ата-анамен жұмысы» пәні бойынша жаппай ашық онлайн курс әзірленумен қатар «Өнегелі ұрпақ» клубы және «Ұлағат» атты арнайы курс әзірленген, «Мектеп» сайтына «Ата-аналар мектебі» қосымшасы құрылған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <b>толығымен жаңа;</b> 2) жартылай жаңа (25–75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу негізінде жасалған практикалық ұсыныстардың <b>толығымен жаңа</b> және шынайы деуге болады. Себебі, олар диссертацияда алынған міндеттерге сәйкес жаңалық ретінде қарастырылатындығымен айқындалады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертация <i>академиялық жазу ерекшеліктеріне сай дербес аяқталған жұмыс</i> , ғылыми стильді ұстанған, жүйелік құрылымы сақталған, сілтемелерді орынды қолданған. Диссертацияны жазу барысында академиялық жазу ерекшеліктерімен қоса – жауапкершілік және академиялық тазалық ұстанымдарын басшылыққа алынған. Сонымен қатар академиялық жазу сапасын жоғары деп бағалауға диссертанттың барлық ұғымдар мен түсініктерге контент талдау жасалғандығы





		және берілген тұжырымдардың академиялық ұстамдылығымен дәлелденеді. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес.
--	--	--

Шешім:

Ансабаева Айнур Дуйсеновнаның 8D01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеу үрдісінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттестігі» тақырыбындағы дайындалған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарына сәйкес келетін жұмыс. Сондықтан, Ансабаева Айнур Дуйсеновнаға 8D01301 - «Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент,  
п.ғ.д., профессор  
Абай атындағы Қазақ  
Ұлттық педагогикалық университеті



А.С. Амирова